Оңтүстік Қазақстан өзендерінің (Іле, Текес, Шу, Қарабалта, Сырдария) жағалық топырағында және түптік шөгінділерінде байқалады. Қазақстанның Батыс (Шаған, Жайық, Елек), Солтүстік-Батыс (Тобыл, Аят) және Шығыс (Қара Ертіс, Еміл) аймағындағы өзендерінің осы объектілерінде радионуклидтер концентрациясының деңгейі айтарлықтай төменірек. Барлық ТРН концентрацияларының ең төменгі мәндері Елек өзеніне тиесілі (ЕК, Ақтөбе облысы). Көктем және күз мезгілдерінде Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аймақтарындағы өзендерден бөлек, Ертіс өзені сағасының (КП – РР) түптік шөгінділерінде жекелеген ТРН ( $^{234}\text{Th}$ ,  $^{226}\text{Ra}$ ,  $^{214}\text{Pb}$ ,  $^{228}\text{Ac}$ ,  $^{224}\text{Ra}$ ,  $^{212}\text{Pb}$  және т.б.) жоғары мөлшерде болуы байқалады (2, 3-ші суреттер). Осы БП-де түптік шөгінділердегі  $^{238}\text{U}$  мен  $^{232}\text{Th}$  үйірлі барлық дерлік ТРН-нің концентрациясы осы өзеннің жоғарғы жағында ІР бақылау пунктіндегі концентрациясынан шамамен 2 есеге артық. Бұл Ертіс өзенінің осы ТРН-мен Қазақстан аумағында ластанатындығын білдіреді. Осы ластанудың көзін (немесе көздерін) анықтау қажет.

$^{137}\text{Cs}$  жасанды радионуклидінің (ЖРН) біршама жоғары (бірақ қауіпті емес) концентрация мәндері көктемгі маусымда - Елек (ІК, 12.9 Бк/кг), Жайық (UR, 6.5 Бк/кг) және Тобыл (ТО, 6.8 Бк/кг) өзендерінің, сондай-ақ күзгі маусымда - Жайық (UR, 13.0 Бк/кг) және Ертіс (ІР, 8.5 Бк/кг) өзендерінің жағалық топырағында анықталды. Зерттелген өзендердің көпшілігінің түптік шөгінділерінде осы ЖРН концентрациясының деңгейі айтарлықтай жоғары емес, негізінен, 1.5 Бк/кг шегінде. Сонымен бірге, көктемгі маусымда - Талас (ТА, 2.85 Бк/кг), Іле (ІЛ, 2.9 Бк/кг), Текес (ТК, 3.3 Бк/кг) өзендерінің, және күзгі маусымда Текес (ТК, 3.2 Бк/кг), Талас (ТА, 2.7 Бк/кг) өзендерінің түптік шөгінділерінде осы радионуклидтің концентрациялары жоғары мәнге ие екенін атап өтуге болады.



3-сурет. Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің бақылау пункттерііндегі топырақ пен түптік шөгінділерде жекелеген радионуклидтердің концентрациялары (24-ші экспедиция).


РФТ әдісімен алынған деректердің негізінде графикалық құрылымдар орындалды (4, 5-ші суреттер), олар 2018 жылдың көктем және күз мезгілдерінде Қазақстанның барлық трансшекаралық өзендерінің мониторингтік бақылау пункттерінде іріктеліп алынған топырақ пен түптік шөгінділерінде жекелеген элементтердің (Ca, Rb, Ba, Sr, Zn, Y, Th, U, Nb, Pb, Zr, Cr) үлестірілуін көрсетеді. Осы РФТ және НАТ әдістері арқылы алынған графиктер мен кестелік деректерден (5-12 Қосымшалар) шығатыны (осыдан бұрын анықталғандай), сілтілік және сілтілік жер элементтердің (K, Ca, Rb, Cs, Sr, Ba) жоғары мәнді концентрациялары Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Қазақстан аймақтарындағы өзендердің топырағы мен түптік шөгінділерінде байқалады. Бұл ерекшелік барий мен стронцийдің үлестірілу мысалында айқын көрсетілген. Осы элементтердің жоғары мәндегі концентрациялары Еміл, Текес, Іле, Шу, Қарабалта, Талас және Сырдария өзендеріне тиесілі екендігі көрініп тұр. Бұдан бөлек, ол өзендердің түптік шөгінділерінде Nb, Pb, Th, U сияқты элементтердің және барлық сирекжерлік металдардың (СЖМ) концентрациялары едәуір мөлшерде.

Ертіс өзенінің «IR» БП-де (өзеннің Қазақстан аумағына кірер жері) және «PR» БП-де (өзеннің Қазақстан аумағынан шығатын жері) іріктеліп алынған

түптік шөгінділерінің сынамаларын элементтік талдау нәтижелерін салыстырудан көрінетіндей, өзеннің осы бөлігінде көптеген элементтердің (Ti, Cu, Zn, Ga, As, Rb, Y, Zr, Th, U, Sb, Co, Sc, Hf, Ta, La, Ce, Nd, Sm, Eu, Tb, Yb, Lu) мөлшері (2-4) есе, ал Pb мөлшері 10 еседен аса артады. Бұл Ертіс өзенінің Қазақстан аумағында радионуклидтермен ғана емес, көптеген химиялық элементтермен де ластанатындығын білдіреді. Анықталған ерекшелік осы ластанудың көздерін айқындауға және механизмдерін белгілеуге бағытталған зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігін айғақтайды.

Көктемгі кезеңде жекелеген элементтердің ең көп мөлшері төменде көрсетілген өзендердің түптік шөгінділерінде анықталды (РФТ деректері бойынша), мкг/г:

- Шаған өз.: Cr – 400, Mn – 0.075 %, Ni – 48, As – 19, Br – 12.6;
- Жайық өз.: Cr – 390, Ni – 83;
- Елек өз. (ИК): Mn – 0.075 %, Ni – 48;
- Елек өз. (ЕК): Cr – 420;
- Тобыл өз.: Br – 12.6, Zr – 410;
- Аят өз.: Cr – 360;
- Ертіс өз. (Pr): Ti – 0.455 %, Cu – 28, Zn – 71, Ga – 15.5, Y – 30.3, Nb – 12, U – 3.2;
- Еміл өз.: Ti – 0.533 %, V – 160, Fe – 3,55 %, Zr – 354, Ba – 406, Pb – 25, Th – 12.1;
- Іле өз.: K – 2.15 %, V – 130, Mn – 0.077 %, Fe – 3.83 %, Cu – 32, Zn – 83, Ga – 15.8, As – 22.9, Rb – 112, Y – 30.2, Nb – 12.7, Pb – 25, Th – 12.1, U – 3.1;
- Текес өз. K – 2.14 %, Ca – 7.69 %, Br – 12.7, Pb – 103, Ba – 388, Th – 10.4, U – 4.1;
- Шу өз.: K – 2.32 %, Rb – 113, Y – 28.6, Zr – 500, Nb – 13.7, Ba – 394, Pb – 20, Th – 11.6, U – 5.2;
- Қарабалта өз.: K – 2.0 %, Ca – 6.3 %, V – 120, Mn – 0.07 %, Fe – 3.23 %, As – 20.3, Sr – 363, Nb – 10, U – 4.2 ;
- Талас өз.: Ca – 8.39 %, Cu – 29, Zn – 68, Br – 15.5, Sr – 351, Nb – 11, Mo – 3.6, Pb – 23, Th – 10.2, U – 6.3;
- Сырдария өз.: Ca – 8.13 %, Zn – 70, Nb – 10.4, Ba – 382, Pb – 19, U – 3.2.




4-сурет. Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің бақылау пункттерііндегі топырақ пен түптік шөгінділерде жекелеген элементтердің концентрациялары (РФТ деректері, 23-ші экспедиция)

Күзгі кезеңде жекелеген элементтердің ең көп мөлшері төменде көрсетілген өзендердің түптік шөгінділерінде анықталды (РФТ деректері бойынша):

- Шаған өз.: Cr – 670 мкг/г, Ba – 353 мкг/г;
- Жайық өз.: Cr – 930 мкг/г, Ni – 65 мкг/г;
- Тобыл өз.: Zr – 320 мкг/г;
- Ертіс өз. (Павлодар облысы): Ti – 0,4 %; Y – 26 мкг/г, Zr – 330 мкг/г, Zn – 55 мкг/г;
- Емiл өз.: Fe – 3,07 %, Ga – 14,1 мкг/г, As – 17,8 мкг/г, Sr – 343 мкг/г;
- Iле өз.: Ca – 6,8 %, Zr – 323 мкг/г, Y – 29 мкг/г;




- Текес өз.: K – 2.1 %, Ca – 7.9 %, Br – 14.5 мкг/г, Zn – 60 мкг/г, Pb – 19 мкг/г, U – 4.0 мкг/г, Th – 10.7 мкг/г;
- Шу өз.: K – 2.3 %, Fe – 3.04 %, Ga – 14.6 мкг/г, Rb – 113 мкг/г, Y – 27 мкг/г, Nb – 13.1 мкг/г, Ba – 417 мкг/г, Pb – 18 мкг/г, Th – 11.6 мкг/г, U – 5.0 мкг/г;
- Қарабалта өз.: K – 2.06 %, Ca – 5.1 %, V – 150 мкг/г, Fe – 3.42 %, Zn – 55 мкг/г, Ga – 13.8 мкг/г, As – 17 мкг/г, Sr – 365 мкг/г, U – 4.2 мкг/г;
- Талас өз.: Ca – 7.1 %, Zn – 54 мкг/г, Br – 11.9 мкг/г, Sr – 338 мкг/г, U – 4.0 мкг/г;
- Сырдария өз.: Ca – 8.2 %, Zn – 54 мкг/г, Pb – 17 мкг/г.




5-сурет. Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің бақылау пунктіндегі топырақ пен түптік шөгінділерде жекелеген элементтердің мөлшері (РФТ деректері, 24-ші экспедиция)

Келтірілген деректерден шығатыны, есеп беру кезеңінде келесі өзендердің арналары химиялық элементтермен көбірек ластанған болып шықты: Ертіс өзені (PR, көктемгі маусым) – ластану көзі ретінде Шығыс Қазақстан облысының өнеркәсіп кәсіпорындарының қалдықтарын сақтау қоймалары болуы ықтимал; ҚХР-мен трансшекаралас Еміл, Іле, Текес өзендері (көктемгі маусым) - ластану көздері белгісіз; Шу, Қарабалта өзендері (көктем және күз маусымдары) – ластану көзі ретінде Ак-Түз кен орнында кенді өнеркәсіптік қайта өңдеу қалдықтары және «Қара-Балта» ТКК-дағы радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймасы болуы ықтимал; сондай-ақ Талас өзені (көктемгі маусым) - ластану көзі белгісіз.


6-суретте Қазақстанның барлық бақыланатын трансшекаралық өзендерінің суларындағы U-238 және U-234 уран изотоптарының 2018 жылғы көктем және күз мезгілдеріндегі концентрациясының мәндері графиктер түрінде ұсынылған. Осы радионуклидтер концентрациясының ең үлкен мәндері Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы Шу, Еміл, Сырдария өзендеріне, және әсіресе, Қарабалта өзеніне тиесілі екендігі көрініп тұр. Дегенмен, олардың радиациялық белгі бойынша мөлшері тірі ағзалар мен қоршаған ортаға қауіп төндірмейтінін атап өту қажет, өйткені U-234 радионуклидінің Қарабалта өзеніндегі концентрациясы 2018 жылғы көктем (416 мБк/л) мен күзде (684 мБк/л) ең үлкен мәндерді құрады, бұл мәндер ҚР «Араласу деңгейі» санитариялық нормативінде көрсетілген осы радионуклидтің судағы концентрациясы мәнінің (2.8 Бк/л) айтарлықтай елеусіз үлесін құрайды (сәйкесінше, 0.149 және 0.244). Сонымен қатар, мамандандырылған кәсіпорындардан (Қара-Балта, Ак-Түз, Востокредмет және т.б.) шығатын осы өзендердің алабында орналасқан радиоактивті қалдықтардың едәуір мөлшерін ескере отырып, олардың суларының радионуклидтік және элементтік құрамын тұрақты бақылап отыру қажет.






6-сурет. 2018 жылғы көктем (жоғарғы сурет) және күз (төменгі сурет) мезгілдерінде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің алабында іріктеліп алынған су сынамаларын радиохимиялық талдаудың нәтижелері

2018 жылғы көктем және күз мезгілдерінде барлық БП-ден іріктеліп алынған су сынамаларын ИБП-МС және НАТ әдістері арқылы микроэлементтік талдау нәтижелерінен көретініміз (17, 18, 23, 24-ші Қосымшалар), көптеген өзендердің суларының құрамында табиғи таралғандығына сәйкес келетін деңгейдегі зерделенген элементтер бар. Сонымен қатар, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аймағындағы: Еміл, Шу, Қарабалта, Сырдария өзендерінің суларында U (43 мкг/л дейін), Мо (30 мкг/л дейін), Sr (5280 мкг/л дейін) және Ва (95 мкг/л дейін) ең үлкен мөлшерлері байқалатынын атап өтуге болады (7, 8-ші суреттер).



7-сурет. 2018 жылғы көктем мезгілінде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің суларындағы U, Мо, Sr, Ва мөлшері (ИБП-МС деректері. 23-ші экспедиция)



8-сурет. 2018 жылғы күз мезгілінде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің суларындағы U, Mo, Sr, Ba мөлшері (ИБП-МС деректері. 24-ші экспедиция)

ИБП-МС деректері бойынша келесі өзендердің суларының құрамындағы қоспа-элементтердің концентрациясы үлкен мәндерге ие, олардың кейбірін ШРК<sub>ҚР</sub> ["Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 209 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде № 10774 тіркелді] және (немесе) ШРК<sub>ДДҰ</sub> [Guidelines for Drinking Water Quality: incorporating first addendum, Third Edition, World Health Organization. Recommendations – Switzerland, 2013, 595 p.] мәндерімен салыстыруға болады, мкг/л:

- Шаған өз. (CH): Ag (ШРК<sub>ҚР</sub> = 50, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 2) – 0.91, P (ШРК<sub>ҚР</sub>, элементар фосфор = 0.1) – 56.3; Sb (ШРК<sub>ҚР</sub> = 50, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 20) – 11.6, Li (ШРК<sub>ҚР</sub>, = 30) – 12.3, K (ШРК жоқ) – 6.31 мг/л, Cu (ШРК<sub>ҚР</sub> = 1000, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 2000) – 6.98;
- Жайық өз.(UR): P – 57.1, Zn (ШРК<sub>ҚР</sub>, Zn<sup>2+</sup> = 5000, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 10) – 11.6, B (ШРК<sub>ҚР</sub> = 500, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 2400) – 178;
- Елек өз. (IK): As (ШРК<sub>ҚР</sub> = 50, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 10) – 2.97, P – 131, B – 141, Li – 13.7, K – 6.53 мг/л;
- Елек өз. (EK): Ce (ШРК жоқ) – 0.75, Co (ШРК<sub>ҚР</sub> = 100) – 0.95, La (ШРК жоқ) – 0.34, Nd (ШРК жоқ) – 0.39, P – 76.3, Al (ШРК<sub>ҚР</sub> = 500) – 143, Fe (ШРК жоқ) – 422, Mn (ШРК<sub>ҚР</sub> = 100, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 400) – 162;
- Тобыл өз. (TO): Co – 0.49, Cr (ШРК<sub>ҚР</sub>, Cr<sup>6+</sup> = 50, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 50) – 4.36, Ni (ШРК<sub>ҚР</sub> = 100, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 70) – 5.97, Mn – 389;
- Аят өз. (AY): Fe – 226, Mn – 57.9;

- Ертіс өз. (IR): Ce – 0.23, Cu – 6.7, La – 0.12, Pb (ШРК<sub>ҚР</sub> = 30, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 10) – 15.7, Zn – 12.7, Al – 108, Fe – 140;
- Еміл өз. (EM): As – 2.75, Mo – 9.63, U (ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 30) – 9.44, В – 205, Sr (ШРК<sub>ҚР</sub>, Sr<sup>2+</sup> = 7000) – 781, Ca (ШРК жоқ) – 76.6 мг/л;
- Іле өз. (IL): Cr – 4.16, Al – 55.3, Ba – 51;
- Текес өз. (TK): Ba – 68.2;
- Шу өз. (SH): U – 16.9, Ba – 80.4, Sr – 800, Ca – 74.6 мг/л;
- Қарабалта өз. (KB): As – 3.41, Mo – 18.3, U – 26.2, Al – 59.5, В – 153, Ba – 66.9, Li – 24.9, Sr – 2243, Ca – 94.7 мг/л, К – 6.46 мг/л, Mg (ШРК жоқ) – 61.4 мг/л;
- Талас өз. (TA): Ag – 0.45, Ba – 94.6;
- Сырдария өз. (SD): Cr – 6.4, Mo – 8.31, U – 14, Li – 23.2, Sr – 2454, Mg – 59.2 мг/л.

Күзгі кезеңде келесі өзендердің суларының құрамында олардың концентрациясы деңгейіндегі, ШРК мәндеріне жақын жекелеген қоспа-элементтер бар:

- Шаған өз. (CH): As (ШРК<sub>ҚР</sub> = 50 мкг/л, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 10 мкг/л) – 4.97 мкг/л, Li (ШРК<sub>ҚР</sub> = 30 мкг/л) – 34.6 мкг/л, P (ШРК<sub>ҚР</sub>, элементар фосфор = 0.1 мкг/л) – 178 мкг/л, Zn (ШРК<sub>ҚР</sub>, Zn<sup>2+</sup> = 5000 мкг/л, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 10 мкг/л) – 8.0 мкг/л;
- Жайық өз. (UR): Zn – 6.85 мкг/л;
- Елек өз. (IK): Cr (ШРК<sub>ҚР</sub>, Cr<sup>6+</sup> = 50 мкг/л, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 50 мкг/л) – 9.04 мкг/л; Sr (ШРК<sub>ҚР</sub>, Sr<sup>2+</sup> = 7000 мкг/л) – 1014 мкг/л, Li – 28.9 мкг/л;
- Елек өз. (EK): Al (ШРК<sub>ҚР</sub>, Al<sup>3+</sup> = 500 мкг/л) – 48 мкг/л, Mn (ШРК<sub>ҚР</sub> = 100 мкг/л, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 400 мкг/л) – 72 мкг/л; Fe (ШРК<sub>ҚР</sub> = 300 мкг/л, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 2000 мкг/л) – 102 мкг/л;
- Тобыл өз. (TO): Al – 35.8 мкг/л, Li – 28.1 мкг/л, P – 205 мкг/л;
- Еміл өз. (EM): В (ШРК<sub>ҚР</sub> = 500 мкг/л, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 500 мкг/л) – 392 мкг/л, Mo – (ШРК<sub>ҚР</sub> = 250 мкг/л, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 70 мкг/л) – 25.7 мкг/л, U (ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 30 мкг/л) – 13.6 мкг/л; Sr – 1129 мкг/л, Fe – 80.1 мкг/л, As – 4.25 мкг/л;
- Текес өз. (TK): Ba (ШРК<sub>ҚР</sub>, Ba<sup>2+</sup> = 100 мкг/л, ШРК<sub>ДДҰ</sub> = 700 мкг/л) – 82.4 мкг/л;
- Шу өз. (SH): U – 23 мкг/л;
- Қарабалта өз. (KB): As – 4.87 мкг/л, В – 367 мкг/л, Li – 63.8 мкг/л, Mo – 29.8 мкг/л, Sr – 5280 мкг/л, U – 43.3 мкг/л;
- Талас өз. (TA): Ba – 85.2 мкг/л, U – 6.93 мкг/л;
- Сырдария өз. (SD): В – 353 мкг/л, Li – 34.7 мкг/л, Sr – 3151 мкг/л, U – 13.2 мкг/л.

Келесі маңызды жағдайды қайталап атап өту қажет деп есептейміз. Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында судағы уран (химиялық элемент ретінде) үшін ШРК мәні келтірілмеген. Сонымен бірге, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) ұсынымдарына сәйкес

химиялық қауіптілік бойынша уран 1-ші сыныпқа жатқызылған және ауыз сулардағы оның мөлшері үшін ШРК=30 мкг/л мәні белгіленді. Осы нормативтерді ескере отырып, Қарабалта өзенінің суларындағы уранның мөлшері (43.3 мкг/л) (24-ші экспедицияда алынған су сынамаларын ИБП-МС әдісімен талдау деректері бойынша, 24-қосымша) ШРК=30 мкг/л мәнінен 1.44 есе асып кетеді.

ҚР Санитариялық қағидаларына сәйкес, қауіптіліктің 1 және 2-ші сыныбына жататын заттардың жиынтықтау қасиеті бар, яғни қауіпті сыныптағы бірнеше зат болған жағдайда ластанудың қосындылық көрсеткіші – зияндылықтың лимиттік көрсеткіші есептеледі.

$$K_{злк} = \sum_{i=1}^n C_i / PШК_i ,$$

ол үшін қауіптіліктің 1 және 2-ші сыныбы элементтерінің анықталған концентрациясы қосындысының олардың судағы ШРК-ның мәніне қатынасы 1.0-ден аспауы тиіс. Осы талапқа сүйеніп, көктемде және күзде іріктеліп алынған барлық зерделенген көздердің суларына арнап  $K_{злк}$  мәндерін есептедік. Бұл ретте, қауіптіліктің 2-ші сыныбына жататын элементтердің шектеулі тізімі назарға алынды, олар: Ag, Al, As, Sr, Mo, Ba, Pb, Sb, Li, B, V. Нәтижелері 1- және 2-кестеде көрсетілген.

1–4-ші кестелерде ұсынылған нәтижелер ҚР трансшекаралық өзендерінің сулары  $K_{злк}$  көрсеткіші бойынша сындық ахуалда екенін куәландырады. ҚР нормативтері бойынша осы өзендердің суларына арналған  $K_{злк}$  көрсеткіші көктемде 14 бақылау пунктінде (БП) және күзде – 15 БП ішінен 13-інде 1.0 санитариялық мәнінен асады. ДДҰ нормалары бойынша  $K_{злк}$  көрсеткішінің асуы көктемде және күзде ҚР трансшекаралық өзендерінің 4 БП байқалады. Сонымен бірге,  $K_{злк}$  көрсеткіштеріне уран елеулі үлес қосады. ДДҰ мен ҚР  $K_{злк}$  көрсеткіштерінің елеулі айырмашылығы ДДҰ-да U (15 мкг/л орнына 30 мкг/л) және В (500 мкг/л орнына 2400 мкг/л) үшін ШРК жаңа уақытша нормативтерінің енгізілуімен түсіндіріледі.

Жоғарыда айтылғанға қосымша, 21 және 22-ші экспедиция барысында іріктеліп алынған топырақтың қабат бойынша сынамаларын РФТ әдісімен элементтік талдау деректері бойынша Жайық өзенінің (UR) жағалауындағы топырақ тереңіне қарай жылжумен хром концентрациясының өзгеруі анықталды. Осыған орай, тапсырыс беруші мен орындаушының келісімі бойынша, оның осы өзен жағасында үлестірілу сипатын (тереңдік бойынша да, аудан бойынша да) зерделеуді жалғастыру қажеттілігі туралы шешім қабылданды. Ол үшін, 23-ші және 24-ші экспедиция барысында тереңдігі 1 м дейінгі 4 шурф жасалды, олардан келесі 11 қабат бойынша топырақ сынамалары іріктеліп алынды, см: 0-5, 5-10, 10-20, 20-30, 30-40, 40-50, 50-60, 60-70, 70-80, 80-90, 90-100. Бұл ретте, негізгі «А» шурфы топырақ сынамаларын іріктеп алу орнында жасалды. Екінші «В» шурфы Жайық өзенінің бойымен және ағысымен жоғары қарай «А» шурфынан ~ 50 м қашықтықта орналастырылды, үшінші «С» шурфы да - Жайық өзенінің

бойымен, бірақ ағысымен төмен қарай «А» шурфынан 50 м қашықтықта орналастырылды. Төртінші «D» шурфы Жайық өзеніне қарама-қарсы бағытта «А» шурфынан 50 м қашықтықта жасалды.

1-кесте. Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының Қазақстан Республикасының нормативтері бойынша  $K_{злк}$  мәндері (ИБП-МС деректері), 23-ші экспедиция

Сынама коды	Ag С/ШРК	Al С/ШРК	As С/ШРК	Sr С/ШРК	Mo С/ШРК	Ba С/ШРК	Pb С/ШРК	Sb С/ШРК	Li С/ШРК	B С/ШРК	V С/ШРК	$K_{злк}$ (ҚР)
CH-23	0,018	0,023	0,039	0,071	0,003	0,23	0,004	0,232	0,41	0,157	0,043	1,23
UR- 23		0,048	0,048	0,058	0,006	0,292	0,006		0,241	0,356	0,059	1,12
IK- 23			0,059	0,077	0,005	0,351	0,004	0,015	0,457	0,282	0,062	1,31
EK- 23		0,286	0,029	0,042	0,003	0,311	0,029		0,246	0,191	0,041	1,18
TO- 23		0,046	0,027	0,075	0,007	0,331	0,004		0,867	0,157	0,034	1,55
AY- 23		0,039	0,029	0,072	0,009	0,399	0,004		0,33	0,097	0,029	1,01
PR-23		0,015	0,026	0,033	0,006	0,268			0,118	0,028	0,022	0,51
IR- 23		0,216	0,019	0,024	0,011	0,576	0,523	0,015	0,093	0,051	0,026	1,56
EM- 23			0,055	0,112	0,039	0,354	0,003	0,028	0,251	0,41	0,052	1,30
IL-23		0,111	0,036	0,054	0,011	0,51	0,004		0,165	0,102	0,045	1,05
TK-23		0,054	0,019	0,093	0,007	0,682	0,004		0,219	0,063	0,018	1,16
SH- 3		0,032	0,039	0,114	0,019	0,804	0,007	0,017	0,332	0,208	0,038	1,61
KB-23		0,119	0,068	0,32	0,073	0,669	0,003		0,83	0,306	0,042	2,43
TA-23	0,009	0,03	0,015	0,09	0,012	0,946			0,183	0,103	0,018	1,41
SD-23			0,041	0,351	0,033	0,554			0,773	0,362	0,052	2,16
ШРК, мкг/л	50	500	50	7000	250	100	30	50	30	500		

2-кесте. Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының Қазақстан Республикасының нормативтері бойынша  $K_{злк}$  мәндері (ИБП-МС деректері), 24-ші экспедиция

Сынама коды	Al, С/ШР К	As, С/ШР К	Sr, С/ШР К	Mo, С/ШРК	Ba, С/ШРК	Pb, С/ШРК	Sb, С/ШРК	Li, С/ШРК	B, С/ШРК	V, С/ШРК	$K_{злк}$ (ҚР)
CH-WD-24	0,016	0,099	0,135	0,004	0,500	0,008		1,153	0,458	0,0283	2,40
UR-WD-24	0,014	0,035	0,106	0,011	0,582	0,007		0,443	0,256	0,0331	1,49
IK-WD-24		0,012	0,145	0,007	0,423			0,963	0,442	0,0346	2,03
EK-WD-24	0,097	0,039	0,086	0,007	0,400	0,006	0,030	0,653	0,468	0,0211	1,81
TO-WD-24	0,072	0,092	0,101	0,009	0,350			0,937	0,352	0,0317	1,94
AY-WD-24		0,044	0,104	0,004	0,434			0,753	0,33	0,0248	1,69
PR-WD-24		0,034	0,023	0,005	0,230			0,099	0,0574	0,0168	0,47
IR-WD-24	0,013		0,012	0,009	0,081			0,059	0,046	0,0081	0,23
EM-WD-24	0,013	0,085	0,161	0,103	0,399	0,004	0,014	0,760	0,784	0,0339	2,36
IL-WD-24	0,016	0,055	0,079	0,011	0,622	0,003		0,267	0,1678	0,0179	1,24
TK-WD-24	0,061	0,017	0,075	0,006	0,824			0,214	0,055	0,0071	1,26
SH-WD-24		0,037	0,135	0,020	0,684			0,370	0,302	0,0214	1,57
KB-WD-24	0,041	0,097	0,754	0,119	0,578			2,127	0,734	0,0366	4,49
TA-WD-24	0,046	0,023	0,092	0,012	0,852		0,010	0,248	0,114	0,0149	1,41
SD-WD-24	0,045	0,054	0,450	0,022	0,483	0,003		1,157	0,706	0,0231	2,94
ШРК, мкг/л	500	50	7000	250	100	30	50	30	500	100	

Салыстыру үшін осындай есептеулер қауіптіліктің 1 және 2-ші сыныбына жататын: Ag, B, Pb, U, Sb, As, Mo, V элементтеріне арналып ШРК<sub>ДДУ</sub> мәндері бойынша жүргізілді.

3-кесте. Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының ДДҰ нормативтері бойынша  $K_{ЗЛК}$  мәндері (ИБП-МС деректері), 23-ші экспедиция

Сынама коды	Ag С/ШРК	As С/ШРК	Mo С/ШРК	Ba С/ШРК	Pb С/ШРК	Sb С/ШРК	B С/ШРК	U С/ШРК	$K_{ЗЛК}$ (ДДҰ)
CH-WD-23	0,455	0,193	0,011	0,033	0,013	0,58	0,033	0,018	1,335
UR-WD-23		0,242	0,022	0,042	0,019		0,074	0,036	0,435
IK-WD-23		0,297	0,018	0,05	0,013	0,038	0,059	0,037	0,512
EK-WD-23		0,147	0,011	0,044	0,086		0,04	0,024	0,353
TO-WD-23		0,136	0,027	0,047	0,013		0,033	0,039	0,295
AY-WD-23		0,147	0,033	0,057	0,012		0,02	0,214	0,483
PR-WD-23		0,129	0,021	0,038			0,006	0,083	0,277
IR-WD-23		0,096	0,04	0,082	1,57	0,039	0,011	0,162	1,999
EM-WD-23		0,275	0,138	0,051	0,009	0,069	0,085	0,315	0,941
IL-WD-23		0,181	0,041	0,073	0,012		0,021	0,211	0,539
TK-WD-23		0,093	0,025	0,097	0,013		0,013	0,168	0,41
SH-WD-23		0,195	0,069	0,115	0,021	0,043	0,043	0,563	1,049
KB-WD-23		0,341	0,261	0,096	0,009		0,064	0,873	1,644
TA-WD-23	0,225	0,075	0,042	0,135			0,021	0,208	0,707
SD-WD-23		0,205	0,119	0,079			0,075	0,467	0,945
ШРК, мкг/л	2	10	70	700	10	20	2400	30	


4-кесте. Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының ДДҰ нормативтері бойынша  $K_{ЗЛК}$  мәндері (ИБП-МС деректері), 24-ші экспедиция

Сынама коды	As, С/ШРК	Mo, С/ШРК	Ba, С/ШРК	Pb, С/ШРК	Sb, С/ШРК	B, С/ШРК	U, С/ШРК	$K_{ЗЛК}$ (ДДҰ)
CH-WD-24	0,497	0,014	0,071	0,024		0,095	0,031	0,733
UR-WD-24	0,177	0,038	0,083	0,022		0,053	0,075	0,448
IK-WD-24	0,062	0,026	0,06			0,092	0,04	0,28
EK-WD-24	0,193	0,025	0,057	0,017	0,076	0,098	0,046	0,511
TO-WD-24	0,46	0,032	0,05			0,073	0,068	0,683
AY-WD-24	0,218	0,015	0,062			0,069	0,074	0,438
PR-WD-24	0,17	0,019	0,033			0,012	0,042	0,275
IR-WD-24		0,03	0,012			0,01	0,039	0,09
EM-WD-24	0,425	0,367	0,057	0,012	0,036	0,163	0,453	1,513
IL-WD-24	0,277	0,038	0,089	0,01		0,035	0,162	0,611
TK-WD-24	0,086	0,023	0,118			0,011	0,125	0,363
SH-WD-24	0,185	0,071	0,098			0,063	0,767	1,183
KB-WD-24	0,487	0,426	0,083			0,153	1,443	2,592
TA-WD-24	0,117	0,044	0,122		0,025	0,024	0,231	0,562
SD-WD-24	0,269	0,078	0,069	0,01		0,147	0,44	1,013
ШРК, мкг/л	10	70	700	10	20	2400	30	

2018 жылдың көктемінде және күзінде (23 және 24 экспедиция) іріктеліп алған осы топырақ сынамаларын РФТ әдісімен талдау нәтижелері 25- және 26-қосымшаларда келтірілген.

9-суретте төрт шурфтың әрқайсысындағы топырақ қабатының тереңдігі бойынша Cr 2018 жылдың көктемгі және күзгі маусымдарындағы үлестірілуі көрсетілген.





9-сурет – 2018 ж.көктемінде (жоғарғы) және күзінде (төменгі) Жайық өзені жағалауындағы жеке шурфтарда топырақ қабатының тереңдігі бойынша хромның үлестірілуі

Бұл элементтің үлестіру сипатында (әр шурф үшін) айтарлықтай маусымдық айырмашылықтар байқалған жоқ. Сонымен қатар, басқа шурфтармен салыстырғанда, «В» шурфындағы топырақтың тереңдігі бойынша Cr үлестірілу сипатында айтарлықтай айырмашылық бар екенін атап өтуге болады.

Дұрысы бұл зерттеуді 2019 жылдың көктемінде және күзінде жалғастыру керек. Ол үшін, 25-ші және 26-шы экспедиция барысында тереңдігі 1 м дейінгі 4 шурф жасалуы керек, олардан келесі 11 қабат бойынша топырақ сынамалары іріктеліп алынады, см: 0-5, 5-10, 10-20, 20-30, 30-40, 40-50, 50-60, 60-70, 70-80, 80-90, 90-100. Негізгі «В» шурфы ол 2018 жылы салынған жерге жақын жерде жасалуы тиіс. Екінші «Е» шурфы Жайық өзенінің бойымен және ағысымен жоғары қарай «В» шурфынан ~ 50 м қашықтықта орналастырылуы керек («В» шурфы тұрған жерден, шамамен жағалаудан сондай қашықтықта). Үшінші «F» шурфы да - Жайық өзенінің ағысымен жоғары қарай «Е» шурфынан 50 м қашықтықта орналастырылады (жағалаудан «В» және «Е» шурфтарының қашықтығындай). Төртінші «G» шурфы Жайық өзені жағалауына қарама-қарсы бағытта «Е» шурфынан ~ 50 м қашықтықта жасалуы тиіс. Осы жоспарға сәйкес жалғасып келе жатқан зерттеулер сол аумақтағы аномальды мөлшерде хромды қалыптастыру көздерін айқындауға және механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді.

### 3. Негізгі нәтижелер және қорытындылар

1. 2018 жылдың көктемінде (23-ші экспедиция) және күзінде (24-ші экспедиция) Қазақстанның трансшекаралық өзендер алаптарының 15 БП іріктеп алынған топырақ түптік шөгінділер үлгілерінің, сондай-ақ су үлгілерінің ерігіш (WD) және ерімейтін (WS) құрауыштарының радионуклидтік талдауы аспаптық гамма-спектрометрия (АГС) әдісімен орындалды.
2. 2018 жылдың көктемінде (23-ші экспедиция) және күзінде (24-ші экспедиция) Қазақстанның трансшекаралық өзендер алаптарының 15 БП іріктеп алынған топырақ және түптік шөгінділер үлгілерінің элементтік құрамы рентгенфлуоресценттік талдау (РФТ) әдісімен анықталды.
3. 2018 жылдың көктемінде (23-ші экспедиция) және күзінде (24-ші экспедиция) Қазақстанның трансшекаралық өзендер алаптарының 15 БП іріктеп алынған топырақ және түптік шөгінділер үлгілерінің элементтік құрамы, сондай-ақ су үлгілерінің ерігіш (WD) және ерімейтін (WS) құрауыштары нейтрон-активациялық талдау (НАТ) әдісімен анықталды.
4. 2018 жылдың көктемінде (23-ші экспедиция) және күзінде (24-ші экспедиция) Қазақстанның трансшекаралық өзендер алаптарының 15 БП іріктеп алынған су үлгілерінің ерігіш құрауыштарында U-234, U-238 және Ra-226 радионуклидтердің концентрациялары радиохимиялық талдау (РХТ) әдісімен анықталды.
5. 2018 жылдың көктемінде (23-ші экспедиция) және күзінде (24-ші экспедиция) Қазақстанның трансшекаралық өзендер алаптарының 15 БП іріктеп алынған су үлгілерінің ерігіш құрауыштарына (WD) элементтік талдау индуктивті-байланысқан плазмалы масс-спектрометрия (ИБП МС) әдісімен орындалды.
6. АГС әдісімен алынған жаңа деректер негізінде мониторингтік БП арасында табиғи радионуклидтердің концентрацияларының ең үлкен мәні Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның: Текес, Іле, Шу, Қарабалық, Талас, Сырдария өзендерінің топырақтары мен түптік шөгінділеріне сәйкес келетіні туралы бұрын жасалған қорытынды расталды. Бұдан басқа, ТРН едәуір мөлшері Ресей шекарасына жақын Ертіс (PR) өзенінің түптік шөгінділерінен табылды. Бұл БП түптік шөгінділерде барлық дерлік  $^{238}\text{U}$  және  $^{232}\text{Th}$  ТРН топтарының мөлшері ІР бақылау пунктіндегі осы өзеннің жоғарғы жағына қарағанда шамамен 2 есе көп. Бұл Ертіс өз. осы ТРН Қазақстан аумағында ластанатынын білдіреді.
7. РФТ және НАТ әдістерімен алынған жаңа деректер негізінде сілтілі және сілтілі жер элементтерінің (K, Ca, Rb, Cs, Sr, Ba) ең көп мөлшері Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан өзендерінің топырағында

және түптік шөгінділерінде байқалғаны туралы бұрын жасалған қорытынды расталды. Ертіс өз. РР бақылау пунктінде іріктеліп алынған түптік шөгінділерде СЖМ және As, Zn, Sb, U сияқты уытты элементтерді қоса алғанда, 20-дан астам элементтердің жоғары концентрацияларында (ІР бақылау пунктіне қарағанда 2-4 есе көп) бар екендігі анықталды. Сонымен қатар, ең ластанған химиялық элементтер Ертіс өз.(Павлодар облысы), Емел өз., Іле өз., Текес өз., Шу өз., Қарабалта өз. және Талас өзендерінің арналары болып табылады. Барлық осы өзендердің ластану көздерін анықтау және механизмдерін айқындау үшін арнайы қосымша зерттеулер жүргізу қажет.

8. Радиохимиялық талдау (РХА) әдісімен алынған жаңа деректер негізінде U-234 және U-238 уран изотоптары мөлшерінің ең үлкен мәні Оңтүстік, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан өзендерінің суларына сәйкес келеді: Қарабалта өзені, Шу өзені, Емел өзені, Сырдария өзені. Сонымен қатар, радиациялық белгі бойынша бұл ластану тірі организмдерге және қоршаған ортаға қауіп төндірмейді.
9. НАТ және ИБП-МС әдістерімен алынған жаңа деректер негізінде Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан өзендерінің (Емел, Шу, Қарабалта және Сырдария) суларына Li, B, Sr, Mo және U сияқты уытты элементтердің айтарлықтай мөлшері сәйкес келетіні туралы бұрын жасалған қорытынды расталды. Сонымен қатар, ҚР нормативтеріне сәйкес көптеген бақылау пункттеріндегі өзен суларының жиынтық уыттылық көрсеткіші ҚР Санитарлық ережелерімен қарастырылған нормативтік мәннен асатыны анықталды. Мұндай суды ҚР тиісті қадағалау органдарының келісімінсіз ішуге пайдалануға болмайды. Мұндай суды ҚР тиісті қадағалау органдарының келісімінсіз ішуге пайдалануға болмайды.
10. Жайық өз. жағасының 4 бөлігінде көктемде және күзде іріктеліп алынған (шурф) топырақ сынамаларындағы элементтік құрамы РФТ әдісімен анықталды. Барлық зерделенген топырақ сынамаларында хромның жоғары мөлшерде болатыны анықталды. Зерттелген кеңістікте Cr тік және алаңдық үлестірімнің жекелеген ерекшеліктері анықталды. Айқындалған ауытқуларды қалыптастырған табиғат пен механизмдерді анықтау үшін осы зерттеуді жалғастыру жоспары белгіленген.

**2018 жылдың көктемінде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің алаптарынан іріктеліп алынған топырақ сынамаларының гамма-спектрометриялық талдау нәтижелері (23-ші экспедиция)**

1-қосымша

Образец	Th-234, Бк/кг	Ra-226, Бк/кг	Pb-214, Бк/кг	Bi-214, Бк/кг	Pb-210, Бк/кг	Ac-228, Бк/кг	Ra-224, Бк/кг	Pb-212, Бк/кг	Bi-212, Бк/кг	Tl-208, Бк/кг
CH-S23	31,1 ± 9,1	33,9 ± 5,4	19,1 ± 2,6	18,4 ± 2,3	< 47	35,1 ± 4,0	31,0 ± 5,4	35,4 ± 3,8	35,3 ± 5,8	42,2 ± 3,6
UR-S23	25,5 ± 3,1	24,9 ± 3,1	17,7 ± 1,8	19,3 ± 2,7	37 ± 10	24,8 ± 3,2	24,9 ± 3,8	26,2 ± 3,4	20,4 ± 2,9	25,8 ± 2,9
IK-S23	21,1 ± 3,5	18,8 ± 8,4	15,3 ± 2,6	15,3 ± 2,2	49,5 ± 5,5	23,6 ± 4,3	< 14,0	23,8 ± 3,8	< 8,7	25,2 ± 3,8
EK-S23	29,7 ± 10,3	< 6,3	5,9 ± 1,8	5,1 ± 2,9	89 ± 37	7,9 ± 3,3	9,2 ± 4,2	5,5 ± 3,4	8,8 ± 4,5	12,4 ± 2,9
TO-S23	20,6 ± 3,7	19,6 ± 3,7	15,6 ± 2,0	14,9 ± 2,8	31 ± 12	21,1 ± 3,4	21,0 ± 4,4	22,6 ± 3,5	16,8 ± 4,7	22,7 ± 3,1
AY-S23	21,7 ± 6,9	36,2 ± 3,7	19,9 ± 2,1	18,9 ± 2,2	48 ± 27	25,6 ± 3,2	27,6 ± 3,9	24,7 ± 3,5	30,0 ± 4,2	31,3 ± 3,0
PR-S23	< 18,2	19,0 ± 4,6	13,9 ± 2,3	13,0 ± 2,1	83 ± 38	22,1 ± 3,6	18,9 ± 4,8	22,0 ± 3,7	32,7 ± 5,5	27,8 ± 3,3
IR-S23	29,4 ± 10,5	26,7 ± 5,2	21,0 ± 2,7	20,2 ± 2,3	< 66	34,5 ± 4,0	39,7 ± 5,6	31,9 ± 3,8	45,2 ± 5,2	36,8 ± 3,6
EM-S23	21,9 ± 3,4	22,9 ± 3,3	17,1 ± 1,9	17,4 ± 2,8	29 ± 11	16,0 ± 3,1	19,8 ± 4,0	18,0 ± 3,4	15,5 ± 4,1	16,3 ± 2,9
IL-S23	38,0 ± 5,5	37,6 ± 5,5	32,4 ± 2,7	31,3 ± 2,4	49 ± 17	34,9 ± 4,1	41,3 ± 5,0	35,8 ± 3,8	28,5 ± 5,1	36,1 ± 3,6
TK-S23	64,0 ± 10,1	37,2 ± 7,2	31,9 ± 2,9	30,4 ± 2,6	318 ± 43	46,9 ± 4,6	45,2 ± 6,4	53,8 ± 4,1	39,8 ± 6,0	50,2 ± 2,1
SH-S23	44,4 ± 5,8	42,2 ± 5,6	37,8 ± 2,7	37,1 ± 2,5	69 ± 18	48,6 ± 4,2	54,0 ± 5,3	51,2 ± 4,9	56,2 ± 5,4	53,7 ± 3,8
KB-S23	38,4 ± 5,5	40,8 ± 5,3	29,7 ± 2,5	30,9 ± 2,4	41 ± 17	40,0 ± 4,1	39,9 ± 5,9	40,1 ± 3,8	42,7 ± 5,2	41,8 ± 3,7
TA-S23	51,5 ± 11,8	17,8 ± 5,1	24,1 ± 2,7	20,9 ± 2,3	< 46	33,9 ± 3,9	43,9 ± 6,2	36,9 ± 3,8	40,4 ± 5,8	45,5 ± 3,6
SD-S23	39,8 ± 10,6	27,5 ± 5,4	27,4 ± 2,8	26,5 ± 2,5	< 46	40,6 ± 4,1	35,0 ± 5,6	36,1 ± 3,8	42,7 ± 5,1	44,6 ± 3,7

Образец	Th-227, Бк/кг	U-235, Бк/кг	Cs-137, Бк/кг	K-40, Бк/кг
CH-S23	< 1,94	1,30 ± 0,32	< 0,43	734 ± 47
UR-S23	< 1,1	1,21 ± 0,19	6,5 ± 0,3	510 ± 41
IK-S23	3,7 ± 1,8	1,02 ± 0,52	12,9 ± 0,6	450 ± 48
EK-S23	1,95 ± 1,00	1,30 ± 0,26	< 0,38	202 ± 41
TO-S23	< 1,4	1,00 ± 0,23	6,8 ± 0,4	388 ± 43
AY-S23	1,91 ± 0,80	1,04 ± 0,22	2,93 ± 0,23	375 ± 40
PR-S23	< 1,8	0,64 ± 0,28	1,40 ± 0,28	530 ± 45
IR-S23	< 1,93	1,35 ± 0,32	3,56 ± 0,36	596 ± 47
EM-S23	< 1,3	1,00 ± 0,20	< 0,3	590 ± 42
IL-S23	3,4 ± 1,2	1,71 ± 0,34	4,3 ± 0,4	603 ± 49
TK-S23	4,2 ± 1,6	2,88 ± 0,46	3,9 ± 0,5	642 ± 21
SH-S23	2,3 ± 1,2	2,09 ± 0,34	0,9 ± 0,3	748 ± 49
KB-S23	< 1,9	1,75 ± 0,32	1,3 ± 0,3	674 ± 49
TA-S23	4,2 ± 1,4	1,98 ± 0,32	< 0,39	676 ± 56
SD-S23	2,9 ± 1,2	1,79 ± 0,33	2,54 ± 0,34	515 ± 46

**2018 жылдың күзінде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің алаптарынан іріктеліп алынған топырақ сынамаларының гамма-спектрометриялық талдау нәтижелері (24-ші экспедиция)**

2-қосымша

Образец	Th-234, Бк/кг	Ra226 Бк/кг	Pb-214, Бк/кг	Bi-214, Бк/кг	Pb-210, Бк/кг	Ac-228, Бк/кг	Ra-224, Бк/кг	Pb-212, Бк/кг	Bi-212, Бк/кг	Tl-208, Бк/кг	U-235, Бк/кг
CH-S24	13,3 ± 7,9	20,7 ± 2,1	17,2 ± 1,7	14,7 ± 1,5	< 60,9	29,8 ± 3	29,8 ± 4,0	29,7 ± 3	35,3 ± 4,5	35,5 ± 3,6	0,6 ± 0,3
UR-S24	30,8 ± 6,2	21,7 ± 2,3	17,7 ± 1,8	15,8 ± 1,6	73,4 ± 12,3	28,5 ± 2,9	32,7 ± 4,3	26,5 ± 2,7	24,7 ± 3,3	28,1 ± 2,8	1,4 ± 0,3
IK-S24	20,7 ± 3,3	24,5 ± 2,5	19,3 ± 1,9	18,5 ± 1,9	21,1 ± 4,4	23,9 ± 2,4	29,0 ± 4,0	23,8 ± 2,4	27,0 ± 4,4	20,3 ± 2	1,0 ± 0,3
EK-S24	15,6 ± 2,1	15,8 ± 1,6	13,6 ± 1,4	10,8 ± 1,1	18,8 ± 3,1	4,3 ± 0,4	7,7 ± 2,2	5,5 ± 0,6	< 3,8	5,1 ± 0,5	0,7 ± 0,2
TO-S24	17,7 ± 4,8	22,7 ± 2,3	17,3 ± 1,7	17,7 ± 1,8	60,0 ± 15,6	21,8 ± 2,2	25,4 ± 4,9	24,3 ± 2,4	32,3 ± 5,3	27,3 ± 2,7	0,8 ± 0,3
AY-S24	15,0 ± 2,8	17,5 ± 1,8	14,9 ± 1,5	12,1 ± 1,2	36,7 ± 4,4	19,2 ± 1,9	11,1 ± 6,1	20,0 ± 2	11,9 ± 4,6	24,7 ± 2,5	0,7 ± 0,4
PR-S24	20,0 ± 3,1	19,1 ± 1,9	14,4 ± 1,4	15,0 ± 1,5	48,9 ± 9,8	23,8 ± 2,4	26,7 ± 2,9	23,4 ± 2,3	24,3 ± 3,1	22,4 ± 2,2	0,9 ± 0,2
IR-S24	23,9 ± 4,4	30,1 ± 3	23,5 ± 2,4	22,9 ± 2,3	64,2 ± 14,1	29,5 ± 3	35,4 ± 4,4	32,0 ± 3,2	43,2 ± 4,7	32,5 ± 3,3	1,1 ± 0,3
EM-S24	13,0 ± 7,3	21,7 ± 2,2	18,5 ± 1,9	15,0 ± 1,5	88,6 ± 36,0	19,5 ± 2	23,3 ± 3,5	18,5 ± 1,9	24,8 ± 3,9	25,9 ± 2,6	0,6 ± 0,3
IL-S24	34,8 ± 3,8	37,8 ± 3,8	29,8 ± 3	28,4 ± 2,8	53,0 ± 5,3	40,2 ± 4	36,3 ± 4,3	42,5 ± 4,3	43,1 ± 4,9	41,1 ± 4,1	1,6 ± 0,3
TK-S24	31,1 ± 3,8	40,9 ± 4,1	30,9 ± 3,1	32,1 ± 3,2	80,3 ± 5,8	64,3 ± 6,4	62,2 ± 4,8	67,8 ± 6,8	61,9 ± 5,4	63,9 ± 6,4	1,4 ± 0,3
SH-S24	48,2 ± 8,7	34,0 ± 3,4	27,5 ± 2,8	24,9 ± 2,5	< 64,9	38,2 ± 3,8	38,5 ± 4,1	37,4 ± 3,7	50,7 ± 4,6	43,8 ± 4,4	2,2 ± 0,3
KB-S24	27,3 ± 6,4	42,1 ± 4,2	34,3 ± 3,4	30,6 ± 3,1	50,4 ± 29,4	50,7 ± 5,1	46,7 ± 3,3	50,2 ± 5	54,6 ± 3,6	56,4 ± 5,6	1,2 ± 0,2
TA-S24	38,3 ± 4,1	37,3 ± 3,7	30,1 ± 3	27,3 ± 2,7	44,0 ± 5,4	38,9 ± 3,9	53,4 ± 4,9	40,9 ± 4,1	41,5 ± 5,2	40,1 ± 4	1,7 ± 0,3
SD-S24	55,1 ± 7,2	49,4 ± 4,9	39,4 ± 3,9	36,7 ± 3,7	59,2 ± 20,6	41,6 ± 4,2	40,9 ± 6,6	41,5 ± 4,2	53,1 ± 7,1	38,7 ± 3,9	2,5 ± 0,5

Образец	Th-227, Бк/кг	K-40, Бк/кг	Cs-137, Бк/кг
CH-S24	< 1,8	714 ± 71	< 0,4
UR-S24	< 2,4	554 ± 57	13,0 ± 0,7
IK-S24	2,2 ± 1,0	518 ± 52	5,4 ± 0,4
EK-S24	< 1,0	125 ± 13	< 0,3
TO-S24	< 2,0	535 ± 54	4,8 ± 0,5
AY-S24	< 2,5	463 ± 46	5,2 ± 0,4
PR-S24	< 1,2	623 ± 62	2,5 ± 0,2
IR-S24	2,3 ± 1,1	692 ± 69	8,5 ± 0,5
EM-S24	1,7 ± 1,0	564 ± 56	< 0,4
IL-S24	2,5 ± 1,1	670 ± 67	1,6 ± 0,3
TK-S24	< 1,7	949 ± 95	1,3 ± 0,3
SH-S24	3,2 ± 1,1	625 ± 63	< 0,3
KB-S24	3,1 ± 0,8	742 ± 74	5,3 ± 0,3
TA-S24	< 1,7	723 ± 72	4,2 ± 0,4
SD-S24	3,5 ± 1,6	713 ± 71	< 0,6

алынған түптік шөгінділер сынамаларының гамма-спектрометриялық талдауының нәтижелері (23-ші экспедиция)

Образец	Th-234, Бк/кг	Ra-226, Бк/кг	Pb-214, Бк/кг	Bi-214, Бк/кг	Pb-210, Бк/кг	Ac-228, Бк/кг	Ra-224, Бк/кг	Pb-212, Бк/кг	Bi-212, Бк/кг	Tl-208, Бк/кг	Tl-227, Бк/кг
CH-B23	14,1 ± 7,1	28,1 ± 3,6	13,3 ± 2,0	12,4 ± 2,8	59 ± 28	19,6 ± 3,2	24,9 ± 3,9	20,8 ± 3,5	17,2 ± 4,1	26,4 ± 2,9	1,60 ± 0,81
UR-B23	< 12,4	31,4 ± 5,4	18,2 ± 2,4	19,2 ± 2,2	75 ± 18	25,9 ± 3,9	29,0 ± 5,9	23,9 ± 3,7	22,7 ± 5,1	26,0 ± 3,5	< 2,0
IK-B23	20,7 ± 2,0	32,0 ± 4,8	15,9 ± 1,9	14,8 ± 2,7	40,2 ± 3,1	22,5 ± 3,3	24,3 ± 5,9	25,8 ± 3,5	21,8 ± 4,2	28,3 ± 3,0	2,8 ± 1,0
EK-B23	< 8,5	16,5 ± 3,0	9,8 ± 1,9	10,2 ± 2,7	< 42	10,1 ± 2,9	7,0 ± 3,2	8,3 ± 3,3	7,6 ± 2,5	13,2 ± 2,7	< 1,67
TO-B23	16,5 ± 3,5	19,9 ± 3,5	14,7 ± 1,9	14,1 ± 2,8	37 ± 11	22,1 ± 3,3	18,7 ± 4,2	21,2 ± 3,5	12,4 ± 4,3	21,6 ± 3,0	< 1,4
AY-B23	25,1 ± 7,5	16,4 ± 3,4	13,1 ± 2,0	10,7 ± 2,8	< 43	21,6 ± 3,2	24,1 ± 3,8	20,1 ± 3,6	20,4 ± 4,0	29,2 ± 3,0	1,95 ± 0,78
PR-B23	37,6 ± 7,7	37,6 ± 3,8	29,7 ± 2,2	27,3 ± 2,0	< 48	44,4 ± 3,5	42,2 ± 4,3	45,5 ± 3,6	47,7 ± 4,6	51,9 ± 3,2	2,74 ± 0,86
IR-B23	14,3 ± 6,5	10,5 ± 2,8	10,8 ± 1,9	7,5 ± 2,7	< 39	14,4 ± 3,0	15,1 ± 3,2	13,7 ± 3,4	19,9 ± 2,6	19,2 ± 2,8	1,74 ± 0,69
EM-B23	25,1 ± 3,5	19,5 ± 3,3	19,1 ± 1,9	20,5 ± 2,8	46 ± 12	19,6 ± 3,2	18,0 ± 4,0	21,0 ± 3,4	17,7 ± 4,1	20,4 ± 2,9	1,4 ± 0,8
IL-B23	36,3 ± 3,4	45,8 ± 3,5	35,2 ± 2,0	35,2 ± 2,9	61 ± 10	56,6 ± 3,5	57,0 ± 4,3	56,6 ± 3,6	61,3 ± 4,5	58,9 ± 3,2	2,7 ± 0,8
TK-B23	34,5 ± 5,5	37,2 ± 5,5	25,4 ± 2,5	26,0 ± 2,4	141 ± 19	41,6 ± 4,3	35,2 ± 5,0	41,8 ± 3,8	34,7 ± 5,3	42,8 ± 3,8	4,8 ± 1,3
SH-B23	54,1 ± 5,3	59,9 ± 6,3	52,4 ± 2,4	51,9 ± 2,2	73 ± 13	64,6 ± 3,8	59,6 ± 4,9	61,8 ± 5,7	58,0 ± 5,0	62,0 ± 3,4	3,0 ± 0,9
KB-B23	38,3 ± 3,9	41,0 ± 3,9	33,1 ± 2,2	33,1 ± 2,0	51 ± 12	40,3 ± 3,5	41,4 ± 4,6	42,2 ± 3,6	36,2 ± 4,6	40,7 ± 3,2	2,4 ± 0,8
TA-B23	81,1 ± 8,9	25,9 ± 4,3	25,7 ± 2,3	24,6 ± 2,0	< 48	51,5 ± 3,6	44,1 ± 4,5	43,8 ± 3,7	52,7 ± 4,9	51,7 ± 3,3	< 1,4
SD-B23	55,7 ± 6,4	27,1 ± 5,6	27,3 ± 2,1	24,9 ± 2,9	< 44	40,5 ± 3,3	40,1 ± 4,0	38,1 ± 3,6	33,6 ± 4,2	45,6 ± 3,1	< 1,3

Образец	U-235, Бк/кг	Cs-137, Бк/кг	K-40, Бк/кг
CH-B23	0,65 ± 0,21	1,33 ± 0,21	526 ± 41
UR-B23	< 0,53	0,6 ± 0,3	432 ± 47
IK-B23	0,95 ± 0,30	0,5 ± 0,2	456 ± 41
EK-B23	0,34 ± 0,18	0,48 ± 0,17	326 ± 33
TO-B23	0,82 ± 0,21	1,1 ± 0,2	274 ± 42
AY-B23	1,16 ± 0,21	< 0,28	429 ± 40
PR-B23	1,73 ± 0,23	< 0,29	632 ± 41
IR-B23	0,67 ± 0,17	< 0,23	383 ± 33
EM-B23	1,18 ± 0,21	< 0,3	633 ± 42
IL-B23	1,60 ± 0,21	2,9 ± 0,2	713 ± 42
TK-B23	1,56 ± 0,34	3,3 ± 0,4	593 ± 50
SH-B23	2,35 ± 0,26	< 0,4	751 ± 44
KB-B23	1,53 ± 0,24	< 0,4	638 ± 43
TA-B23	3,20 ± 0,26	2,85 ± 0,25	554 ± 42
SD-B23	2,31 ± 0,22	0,53 ± 0,18	581 ± 40

**2018 жылдың күзінде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің алаптарынан іріктеліп алынған түптік шөгінділердің сынамаларын гамма-спектрометриялық талдау нәтижелері (24-ші экспедиция)**

4-қосымша

Образец	Th-234, Бк/кг	Ra226 Бк/кг	Pb-214, Бк/кг	Bi-214, Бк/кг	Pb-210, Бк/кг	Ac-228, Бк/кг	Ra-224, Бк/кг	Pb-212, Бк/кг	Bi-212, Бк/кг	Tl-208, Бк/кг	U-235, Бк/кг
CH-B24	17,9 ± 5,5	13,7 ± 1,4	11,7 ± 1,2	9,4 ± 0,9	< 42,5	18,1 ± 1,8	18,4 ± 2,6	16,8 ± 1,7	23,3 ± 2,8	23,1 ± 2,3	0,8 ± 0,2
UR-B24	18,8 ± 2,8	11,5 ± 1,2	8,2 ± 0,8	9,6 ± 1	24,0 ± 8,8	9,6 ± 1	11,0 ± 2,5	9,2 ± 0,9	12,2 ± 2,7	10,4 ± 1	0,8 ± 0,2
IK-B24	5,2 ± 1,9	7,1 ± 0,7	5,2 ± 0,5	5,7 ± 0,6	10,3 ± 2,9	3,8 ± 0,4	8,8 ± 2,1	5,0 ± 0,5	< 3,5	5,3 ± 0,5	< 0,3
EK-B24	13,4 ± 1,7	13,5 ± 1,4	11,2 ± 1,1	9,6 ± 1	15,1 ± 2,5	4,7 ± 0,5	6,9 ± 2,4	5,8 ± 0,6	< 3,2	4,2 ± 0,4	0,6 ± 0,1
TO-B24	12,9 ± 3,0	15,9 ± 1,6	12,5 ± 1,3	12,1 ± 1,2	30,6 ± 9,9	18,3 ± 1,8	18,3 ± 3,0	17,8 ± 1,8	26,3 ± 3,3	17,6 ± 1,8	0,6 ± 0,2
AY-B24	7,7 ± 1,7	5,8 ± 0,6	4,6 ± 0,5	4,3 ± 0,4	< 4,2	7,8 ± 0,8	< 6,2	8,6 ± 0,9	< 4,6	11,1 ± 1,1	< 0,4
PR-B24	31,6 ± 2,9	32,9 ± 3,3	25,3 ± 2,5	25,4 ± 2,5	57,5 ± 8,8	36,5 ± 3,7	37,9 ± 2,8	38,1 ± 3,8	41,9 ± 3,0	40,5 ± 4,1	1,5 ± 0,2
IR-B24	11,5 ± 2,8	13,5 ± 1,4	10,1 ± 1	10,7 ± 1,1	32,7 ± 9,2	15,6 ± 1,6	15,9 ± 2,6	15,5 ± 1,6	22,2 ± 2,8	14,9 ± 1,5	0,5 ± 0,2
EM-B24	20,1 ± 5,3	15,6 ± 1,6	12,7 ± 1,3	11,4 ± 1,1	< 39,5	15,0 ± 1,5	14,2 ± 2,3	14,3 ± 1,4	11,8 ± 2,5	20,1 ± 2	0,9 ± 0,2
IL-B24	24,8 ± 2,6	37,5 ± 3,8	30,1 ± 3	27,7 ± 2,8	40,3 ± 3,7	38,9 ± 3,9	40,1 ± 4,2	35,6 ± 3,6	28,8 ± 3,4	34,4 ± 3,4	1,2 ± 0,2
TK-B24	40,1 ± 4,1	43 ± 4,3	35,1 ± 3,5	31,2 ± 3,1	77,0 ± 4,6	61,9 ± 6,2	56,3 ± 3,9	50,4 ± 5	50,2 ± 4,3	51,6 ± 5,2	1,8 ± 0,2
SH-B24	56,8 ± 7,2	53,5 ± 5,4	43,1 ± 4,3	39,3 ± 3,9	< 50,9	65,4 ± 6,5	56,5 ± 3,6	56,8 ± 5,7	66,0 ± 4,0	62,5 ± 6,3	2,6 ± 0,3
KB-B24	53,0 ± 6,9	43,9 ± 4,4	35,8 ± 3,6	31,8 ± 3,2	< 48,5	43,0 ± 4,3	38,9 ± 3,2	39,9 ± 4	45,2 ± 3,6	47,8 ± 4,8	2,5 ± 0,2
TA-B24	32,4 ± 3,0	26,7 ± 2,7	21,8 ± 2,2	19,3 ± 1,9	53,5 ± 4,2	37,9 ± 3,8	45,3 ± 3,7	38,1 ± 3,8	34,1 ± 4,1	40,2 ± 4	1,5 ± 0,2
SD-B24	38,0 ± 3,6	38,8 ± 3,9	29,9 ± 3	29,9 ± 3	42,6 ± 10,6	37,0 ± 3,7	41,8 ± 3,5	38,4 ± 3,8	51,7 ± 3,7	38,2 ± 3,8	1,7 ± 0,2

Образец	Th-227, Бк/кг	K-40, Бк/кг	Cs-137, Бк/кг
CH-B24	< 1,1	481 ± 48	< 0,3
UR-B24	< 1,1	304 ± 30	< 0,3
IK-B24	< 1,0	196 ± 20	< 0,3
EK-B24	1,0 ± 0,6	126 ± 13	< 0,3
TO-B24	< 1,2	352 ± 35	1,1 ± 0,2
AY-B24	< 1,6	349 ± 35	< 0,3
PR-B24	2,4 ± 0,7	676 ± 68	0,7 ± 0,2
IR-B24	1,4 ± 0,7	450 ± 45	< 0,3
EM-B24	2,9 ± 0,7	610 ± 61	0,3 ± 0,1
IL-B24	< 1,2	568 ± 57	1,0 ± 0,2
TK-B24	2,2 ± 0,9	680 ± 68	3,2 ± 0,3
SH-B24	2,9 ± 0,9	775 ± 78	0,3 ± 0,2
KB-B24	< 1,4	637 ± 64	0,5 ± 0,2
TA-B24	1,5 ± 0,9	630 ± 63	2,7 ± 0,3
SD-B24	< 1,3	648 ± 65	< 0,3

## іріктеліп алынған топырақ үлгілерінің элементтік құрамын РФТ әдісімен анықтау нәтижелері (23-ші экспедиция)

Образец	K %	Ca %	Ti %	V, мкг/г	Cr, мкг/г	Mn %	Fe %	Co, мкг/г	Ni, мкг/г	Cu, мкг/г	Zn, мкг/г	Ga, мкг/г	As, мкг/г
CH-S23	2,22±0,48	1,21±0,24	0,436±0,052	160±24	280±13	0,096±0,011	4,05±0,1	< 10	63±3	28±2	68±13	13,9±0,8	19±0,9
UR-S23	1,71±0,05	1,07±0,24	0,366±0,005	120±23	590±14	0,048±0,009	2,62±0,06	< 10	64±28	28±1,6	62±12	9,9±0,7	12,1±0,8
IK-S23	1,74±0,49	0,59±0,22	0,308±0,046	90±22	300±12	0,05±0,008	1,82±0,04	< 10	38±3	18±2	40±10	8,2±0,7	10,6±0,8
EK-S23	0,98±0,49	0,21±0,21	0,088±0,057	≤ 10	290±12	0,016±0,006	0,68±0,02	< 10	20±2	8±1	10±8	1,9±0,6	5,3±0,6
TO-S23	1,54±0,46	1,23±0,24	0,338±0,047	50±22	260±12	0,066±0,009	2,25±0,05	< 10	44±3	24±2	72±12	8,6±0,7	12,4±0,8
AY-S23	1,44±0,44	1,26±0,23	0,380±0,049	150±23	280±13	0,08±0,01	4,38±0,11	< 10	71±3	27±2	70±13	11,1±0,8	17,8±0,9
PR-S23	1,82±0,5	1,12±0,25	0,254±0,045	60±22	100±11	0,03±0,007	1,45±0,03	< 10	12±2	10±1	29±10	8,3±0,7	9,5±0,8
IR-S23	2,00±0,47	2,59±0,29	0,389±0,051	130±23	170±13	0,059±0,01	3,62±0,08	< 10	52±3	38±2	71±13	14,2±0,8	10,2±0,9
EM-S23	1,90±0,48	3,18±0,3	0,333±0,074	120±24	70±12	0,044±0,009	2,7±0,06	< 10	19±3	17±2	42±11	13,6±0,8	15,7±0,8
IL-S23	1,84±0,46	6,95±0,39	0,312±0,075	110±24	120±13	0,054±0,01	2,62±0,05	< 10	24±3	23±2	55±12	12,6±0,8	14,6±0,9
TK-S23	2,13±0,46	7,23±0,39	0,281±0,073	100±24	160±13	0,059±0,01	2,85±0,06	< 10	34±3	28±2	75±13	12,8±0,8	13,8±1
SH-S23	2,29±0,48	3,56±0,31	0,336±0,074	80±24	120±12	0,053±0,009	2,82±0,06	< 10	27±3	20±2	56±12	14,4±0,8	13,8±0,9
KB-S23	2,04±0,46	6,22±0,38	0,331±0,051	100±25	120±13	0,06±0,01	3,1±0,07	< 10	31±3	30±2	61±13	14±0,8	16,2±0,9
TA-S23	1,99±0,46	7±0,39	0,349±0,052	130±25	110±13	0,07±0,01	3,03±0,06	< 10	35±3	24±2	54±12	13±0,8	16,9±0,9
SD-S23	1,70±0,45	8,45±0,42	0,338±0,078	110±25	110±13	0,053±0,01	2,72±0,05	< 10	36±3	22±2	57±13	10,9±0,8	17,2±0,9

Образец	Bг, мкг/г	Rb, мкг/г	Sr, мкг/г	Y, мкг/г	Zr, мкг/г	Nb, мкг/г	Mo, мкг/г	Pd мкг/г	Cd мкг/г	Ba, мкг/г	Pb, мкг/г	Th мкг/г	U мкг/г
CH-S23	17±4	92±5	148±5	25,2±3,4	253±7	10±1,9	2±0,3	< 0,2	3,1±0,4	171±19	14±1,1	7,2±0,9	2,2±0,5
UR-S23	7,3±0,3	66,1±0,4	151±5	21,8±2,9	289±7	8±1,7	2±0,3	0,6±0,2	3,7±0,4	176±18	12±1,1	4,3±0,8	2,6±0,4
IK-S23	6,1±3,1	63,3±3,9	101±4	19,1±2,8	301±7	7,1±1,6	2±0,3	< 0,2	1,6±0,4	235±18	6±1	3,9±0,8	2,3±0,4
EK-S23	3,5±2,7	23,2±2,5	39±3	6,2±1,8	80±4	1,6±1,1	1,7±0,2	0,5±0,2	2,8±0,4	129±16	< 1	0,6±0,5	0,5±0,3
TO-S23	12,5±3,4	54,6±3,7	128±5	15,1±2,7	247±6	7,3±1,6	2,5±0,3	< 0,2	3,3±0,4	165±17	10±1	3±0,8	1,6±0,4
